



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ



III АРҒЫНБАЕВ  
ОҚУЛАРЫ

III АРҒЫНБАЕВСКИЕ  
ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛДАРЫ  
МАТЕРИАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ  
МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

---

Көрнекті ғалым-этнограф, тарих ғылымдарының докторы, профессор  
Халел Арғынбаевқа арналған  
«ІІІ АРҒЫНБАЕВ ОҚУЛАРЫ.  
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЭТНОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ  
ОНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ РОЛІ» атты  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
13-14 сәуір 2018 ж.



МАТЕРИАЛЫ  
международной научно-практической конференции  
«ІІІ АРҒЫНБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ. СОВРЕМЕННАЯ ЭТНОГРАФИЧЕСКАЯ НАУКА  
И ЕЕ РОЛЬ В МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ»  
13-14 апреля 2018 г.

MATERIALS  
of the international scientific and practical conference  
"III ARGYNBAYEV READINGS. MODERN SCIENCE OF ETHNOGRAPHY AND ITS ROLE  
IN THE MODERNISATION OF THE PUBLIC CONSCIOUSNESS"  
April 13-14, 2018

Алматы  
«Қазак университеті»  
2018



*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Тарих, археология және этнология факультетінің  
Ғылыми Кеңесі ұсынған*

**Редакция алқасының тең төрағалары**

**Ғ.М. Мұтанов** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры,  
т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

**Н. Әлімбай** – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейінің директоры,  
т.ғ.к., профессор

**Редакциялық алқа:**

**М.М. Бүркітбаев** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірінші проректоры,  
х.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

**Т.С. Рамазанов** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-инновациялық жұмысы  
жөніндегі проректоры, ф.-м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

**М.С. Нозайбаева** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және  
этнология факультетінің деканы, т.ғ.к., доцент

**Ғ.Қ. Омаров** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археология, этнология және  
музеология кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., доцент

**Ғылыми редакторлар:**

**Н. Әлімбай** – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейінің директоры,  
т.ғ.к., профессор;

**А.Б. Қалыш** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология  
факультетінің профессоры, т.ғ.д., профессор

**Құрастырушылар:**

*Г.У. Орынбаева, А.И. Исаева, А.Қ. Бейсеғулова*

**Көрнекті** ғалым-этнограф, т.ғ.д., профессор Халел Арғынбаевқа арналған «III Арғынбаев окулары. Қазіргі заман этнография ғылымы және оның қоғамдық жаңғырудағы ролі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «III-Арғынбаевские чтения. Современная этнографическая наука и ее роль в модернизации общественного сознания», посвященной выдающемуся ученому-этнографу, д.и.н., профессору Халелу Арғынбаеву = Materials of the international scientific and practical conference "III Argynbayev readings. Modern science of ethnography and its role in the modernisation of the public consciousness" dedicated to the outstanding scientist and ethnographer, doctor of history, professor Khalel Argynbayev / Құраст. Г.У. Орынбаева, А.И. Исаева, А.Қ. Бейсеғулова; ғылыми ред. Н. Әлімбай, А.Б. Қалыш. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 579 б.

**ISBN 978-601-04-3309-0**

**ISBN 978-601-04-3309-0**

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018



<b>Манапова А.Б.</b> Дәстүрлі мәдениет жүйесіндегі қазақ би қимылдарының бастаулары мен семантикасы. ....	352
<b>Мұхамбетқалиева Э.Қ.</b> Рухани жаңғыру: өз өлкенді тану.....	356
<b>Коптилеуова А.Б.</b> Қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасуының кейбір мәселелері. ....	360
<b>Бижанова М.Т.</b> Алтын орда мен қазақ хандығы арасындағы фольклорлық сабақтастығының тарихнамасы. ....	362
<b>Сабырғалиева Н.Б.</b> Жәдитшілдік қозғалыс және ренессанстық діни тұлғалар. ....	366
<b>Әубәкірова Н.Ә.</b> Абай дәстүріндегі ақын. ....	370
<b>Атдаев С.Д.</b> Представления народов Центральной Азии о птицах и об их сезонных перелетах. ....	373
<b>Морякова М.Т.</b> Казахско-могульские сражения при Хакк-Назар-хан. ....	376
<b>Садуақасова М.Б.</b> Қошпелілердегі таққа отыру рәсіміне көзқарас. ....	378
<b>Успанова М.К.</b> Вклад ученых в освоение целинных и залежных земель в Казахстане. ....	381
<b>Торежанова Н.Ж.</b> Звон металла в торевтике (Старые поступления в археологический фонд ЦГМ РК). ....	383
<b>Бекбаев С.Т.</b> Абат-Байтақ Кесенесі - орта ғасырлардан қалған тарихи мұра. ....	388
<b>Айтыманова А.Т.</b> Историографический обзор развития художественного направления Казахстана во второй половине XX века. ....	392
<b>Есбай С.</b> Ортағасырлық оғыз қалаларының тарихи-географиялық картасы. ....	396
<b>Байдавлетов Ж.Д.</b> Қазақстан-түркия қарым-қатынасындағы қауіпсіздікті сақтау және күшейту шаралары (1991-2000 жж.).....	399
<b>Серикова М.К.</b> Қазақстандық немістер тарихының зерттелуі. ....	401
<b>Есенаманова А.</b> Жайық өңіріндегі ортағасырлық қалалар туралы жазба деректер мен картографиялық мәліметтер. ....	403
<b>Тәлім А.Т.</b> Карл Молдахметұлы байпақовтың зерттеуші ретінде қалыптасуы. ....	410
<b>Жұмабаева М.Т.</b> Қазақстанның тарихи өлкетануы және Ш.Ы. Уәлихановтың қосқан үлесі.....	412
<b>Казмадиярова И.Т.</b> О результатах археологических раскопок на городище древний тараз (I-XIX вв.) (краткий обзор нумизматического материала) .....	416
<b>Әлменбетова У.А.</b> Жазба деректерді жүйелеудің маңыздылығы .....	418
<b>Айтқұл Х., Мьякишева О.</b> Көне түркілер мифологиясындағы қасқыр бейнесі.....	422

#### IV СЕКЦИЯ

#### МУЗЕЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МУЗЕЙ ҮРДІСІ / МУЗЕЙ И МУЗЕЙНЫЕ ПРОЦЕССЫ В КАЗАХСТАНЕ

<b>Темиртон Г., Какабаев Б., Турсынбаева Ш. К.</b> Историко-этнографическому изучению акварелей Абылхана Кастеева (на основе фондов Центрального Государственного музея Республики Казахстан) .....	428
<b>Мейманова Г.А.</b> Алматы қаласындағы үздік мемориалдық мұра: өнегелі өмірдің нағыз куәгері болған - Д.А. Қонаевтың пәтер-мұражайы.....	433
<b>Бексентов Ғ.Т., Сатаева Б.Е.</b> Қазақстанның Оңтүстік өңірінде орын тепкен ежелгі Тараз музейі .....	435
<b>Сапатаев С.А., Әбенова С.Ғ.</b> Сырдария ауданындағы ортағасырлық тарихи-мәдени ескеркіштер.....	438
<b>Газимова С.Қ.</b> Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінде «Туған жер бағдарламасын іске асырудың алғышарттары .....	441
<b>Акимов Т.</b> Музейдегі инновациялық әдістер. ....	443
<b>Карикулова М.Ш.</b> Қазақстандағы ең үздік-музей. ....	446
<b>Қалнияз Б.</b> Жетісу өңіріндегі архитектуралық құрылыстардың қалыптасуындағы Гурдэнің орны .....	448
<b>Кущенко А.В.</b> Роль Центрального Государственного музея республики Казахстан в развитии туристической инфраструктуры.....	452
<b>Меңдібаев Н.М.</b> Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі қорында сақталған тері мен күдеріден жасалған тұскілемдер .....	455
<b>Қыдырғалиева Г.Қ.</b> Қазіргі музей педагогикасы жұмысын ұйымдастырудың негізгі формалары (ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің музей педагогикасы қызметі атқарған жұмыстары негізінде).....	459
<b>Мурзаходжаев Қ.М.</b> Білім-ғылым турасында жәдиттер мен қазақ зиялыларының айтқан ойлары.....	462
<b>Нүрпейісова С.Қ.</b> Музей құндылықтырын жинақтау, зерттеу және насихаттау.....	464
<b>Блялова А.С.</b> Роль музея в системе образования в рамках программы «Туған жер».....	469
<b>Досымбетов Н.</b> Музейдегі көрме құру ісі (ҚР МОМ іс-тәжірибесі негізінде).....	474
<b>Мухамедсыдықова А.Б.</b> Отпечатки лепидодендрона из фондов Центрального Государственного музея Республики Казахстан.....	477
<b>Сүлейменова Ғ.С.</b> Елбасы Н.Назарбаевтың Егеменді Қазақстанның қалыптасуы мен дамуындағы ролі ....	480
<b>Қайратұлы Р.</b> Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музей қорындағы домбыра аспабының жасалу технологиялары .....	481
<b>Күлеш Қ.</b> Ықылас музейі қорындағы археологиялық қазба жұмыстарынан табылған музыкалық аспаптар .....	484



ды экспонаттар әр кезеңнің құнды деректерінен келуші көрермендерге көптеген мағлұматтар береді.

Пәтер-мұражайда Д.Ахметұлының өмірі, тұрмысымен танысуға болады. Мемориалды пәтерде бір заттары тарихи-өмірбаяндық деректеріне сәйкес орналастырылған. Пәтерде Д.А.Қонаевтың санрлі саланы қамтитын, сондай-ақ қазақ, орыс, кеңес және әлем әдебиеті шығармаларынан тұратын тапханасын, түрлі адамдардан келген хаттарын және де ел ішінде әйгілі болып кеткен оттықтар птамасын көрдік. Сонымен бірге, басқа да шетелдік мемлекет және қоғам қайраткерлері сыйға берген медальдары сақталған. Жалпы пәтер-мұражайдағы жәдігерлер өте қызықты, әрқайсысы Дінмұхамед Қонаев және оның жұбайы Зуһра Шәріпқызы туралы студенттерге мол мәлімет берді. Мұражай өз жәдігерлерінің құндылығымен ерекшеленеді. Мұнда Дінмұхамед Ахметұлының таңдаған заттары, техникалық, анықтамалық және көркем әдебиеттер, өнер жөнінде альбомдар, авторлардың жекелей қолтаңбасы жазылған кітаптары, жиһаздар, тұрмыстық заттар, мерейтойларына арналған көптеген сыйлықтар мен экспонаттар, басқа да әр алуан заттар бар. Бұлардың бәрі ұзақ жылдар бойы мұқият сақталған және Дінмұхамед Ахметұлының немере інісі Диар Асқарұлы Қонаев мұражайға табыс еткен.

Мұражайдың ерекше құндылығы – мемориалдық пәтер-мұражайының толықтығында және құрамының кеңдігінде. Мұнда сақталған жәдігерлер Дінмұхамед Ахметұлының дүние-мүлікке қызықпайтын қарапайым адам болғанын, оның қарапайым тіршілігін, қалай дем алып нендей дүниеге қызығушылық білдіретінін аңғартады. «Д.А.Қонаевтың мемориалдық пәтер - мұражайы» - бұл өткен тарихымызбен таныстыратын орын әрі өнегелі өмірдің нағыз куәгері.



1 сурет. Д.А. Қонаевтың жұмыс үстелі, жеке заттары.



2 сурет. Д.А.Қонаевтың жұмыс бөлмесі кітап сөрелері

**Ғ.Т. Бексеитов**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті, т.ғ.к.

**Б.Е. Сатаева**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2 курс магистранты (Алматы қ.)

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ӨңІРІНДЕ ОРЫН ТЕРПКЕН ЕЖЕЛГІ ТАРАЗ МУЗЕЙІ

Қазақстандағы алғашқы мұражайлардың тарихи қалыптасу негізі сонау 1830 жылдан бастау алады. Мұражай, музей, (грек тілінде *museion* – муза сарайы) – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме.

Музей заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін психаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Музей ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді.



Мұражай негізгі бағыттары бойынша бірнеше топтарға бөлінеді: тарихи музейлер (жалпы тарих, археологиялық, антропологиялық, этнографиялық, нумизматикалық т.б.), көркемөнер музей (көркемөнер, мүсін, қолөнер, қолданбалы өнер, театр, музыка кино, т.б. музейлер), «жаратылыстану музейі» (биологиялық, зоологиялық, геологиялық, минералдық, палеонтологиялық, т.б.), техникалық музей «кешенді музейлер» (тарих, шаруашылық, жаратылыстану, т.б. бағыттарды біріктіріп, жұмыс істейтін кең профильді өлкетану музейлері), мемориалдық музейлер (мемлекетке, өнерге, әдебиетке ғылымға еңбегі сіңген белгілі адамдардың жеке өнері мен қызметіне арналған музейлер). Музей ісінің негізгі бағыттары – музейлік мұраларды (жәдігерлерді) жинау, есепке алу, сақтау, қорларды жүйелеу, қайта қалпына келтіру (реставрация), консервациялау, зерттеу нәтижелерін ақпарат жүйелерінде тарату, музейдің кадрлық жүйесін жетілдіру. Музей жұмыстарын ұйымдастыру түрлеріне: көрмелер, экспозициялар ұйымдастыру, тақырыптық дәрістер, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу, музейлік басылымдар шығару, т.б. жатады.

Көне мекен Тараз өңірінде орналасқан «Ежелгі Тараз» қорық-мұражай паркінің түп-төркінің өрбітіп қарайтын болсақ, сонау ежелгі заманда өмір сүрген ортағасырлық Тараз қаласының орнында пайда болды.

Қазақстанның көне қалаларының бірі – Тараз. Қаланың өзіндік тарихы, тағдыры бар. Сан-қилы кезеңдерде өсіп-өркендеген даму жолдарының да шежіре – сырлары мол. Сол заманғы ғұлма ғалымдардың деректерінде Тараз қаласының тарихи даму тенденциялары былайша бейнеленген. «Танның жаңа тарихы» атты еңбегінде Тараз қаласы туралы дерек кездеседі, онда былай делінген: «Шуйцзянь қаласынан 60 ли жерде До-ло-сы (Талас) қаласы орналасқан» [1, с. 94].

Тараз туралы алғашқы жазба деректер б.э. 568 жылғы жазылған тарихи очерктерде кездеседі. Ол қытай деректерінде Талас–Талас–Тараз деген аттармен белгілі болған. Тараз қаласының аты Талас өзенінің атына байланысты қойылған [2, с. 119].

572 жылы Жетісу жері Қара – Чуруну – Датудың қол астына өтті. Тараз бұрынғыдай астана болып қала берді. Талас тұрғындарының тарихы Орта Азия халықтарының тағдыры мен тарихи жағдайына байланысты жақындасып кетті [3, с. 58].

Чэнь Чэн XV ғасырда Қытайдағы Мин әулетінен (1368–1644 жж.) шыққан. Қытайдағы атақты тарихшы, саясаткер, дипломат, Тараз қаласы туралы былай дейді: «Ясная погода, с утра движемся на запад, прошли свыше 50 ли до окрестностей г. Яньи [Дали] отдохнуть, шли до вечера, прошли 150 ли, в месте [где росли] травы расположились лагерем» [4, с. 95-96].

IX ғасырда өмір сүрген Мұхаммед ибн-Мұса әл Хорезмидің «Китаб сурад ал-ард» атты еңбегінде Тараз қаласының орналасқан жері туралы айтылып, оның координаттары көрсетілген: «Тараз, а это город купцов, широта 40°24', долгота 100°30'» [5, с. 73].

Қалаға 630 жылы келген Сюань Цзянь Тараз туралы өте жақсы пікір қалдырған. Ол Таразды әр мемлекеттің саудагерлері тұратын кең көлемдегі сауда орталығы болған қала ретінде көрсетеді.

Б.В. Луининнің нумизматикалық деректерінде Тараздан табылған монеталарды қарап зерттеу нәтижесінде 1173 жылы ортағасырлық Тараз қаласы теңге соғу орталығы болғандығы нақты дәлелденді [6, с. 20].

Тараз бүкіл әлемге тарихи жазба деректерде «Яны Талас» деген атпен танылған, оңтүстік өңірде өмір сүрген тайпалардың 2000 жылдық тарихын құрайды [6, с. 4].

«Көне Тараз» қорық-мұражайы негізінен алып қарағанда, бұрынғы (Төлебай базары) ортағасырлық Тараз қаласының орнындағы археологиялық қазба жүргізілген аймақта орналасқан. Алғашқы қазба жұмыстары В.В. Бартольдтың ұсынысы бойынша 1927 жылы көрнекті археолог ғалым М. Массон өзінің археологиялық қазба жұмысын жүргізіп, тарихи деректердегі қала туралы мәліметтер толық дәлелденіп шықты. Көне қаланың тарихын және Талас өңіріндегі ескерткіштерді зерттеуде сүбелі үлес қосқан КСРО Ғылым академиясының Н.Я. Марр атындағы тарихи және мәдени материалды институтының Қазақстан филиалы және Талас өңіріндегі ескерткіштерді зерттеуде үлкен үлес қосқан Қазақстан филиалының ұйымдастыруымен 1936-1939 жылдары археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді [7, с. 27].

1938 жылы А.Н.Бернштамның жетекшілігімен Каз ФАН ИИМК-ның экспедициясы өз жұмысын бастады [8, с.40].

Т.Н. Сенигованың 1966 жылы жарыққа шыққан көлемді мақаласында ерте ортағасырлық Тараз қаласының V–IX ғасырлар кезіндегі тарихи-топографиясының қалыптасуының негізгі жолдары қарастырылған. Автор цитадельдің, шахристанның, рабадтың, қала аймағының қалыптасу жолдарын, олардың уақытын белгілеген [4, с. 69-78].




1998 жылы жарияланған К.М.Байпаков, Г.Ф.Григорьевтің «О топографии городища Тараз» атты мақаласында ортағасырлық Тараз қаласының Орта Азиялық үлгідегі емес, Талас өңірлеріндегі ұзын қорғанды қалалардың бірі екендігіне жан – жақты талдау жасаған [9, с. 50-67].

2014 жылы Ежелгі Тараз қаласының жасын анықтау мақсатында әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанынан құрылған «Тұран» ЖШС археологиялық экспедициясының жетекшісі т.ғ.д. профессор М.Елеуовтың ұйымдастыруымен қазба жұмыстары жүргізілді [6, 14 б.].


Музейдің негізгі мақсаты – ортағасырлық Тараз қаласында жүргізілген қазба барысында табылған қаланың орнында қаланың тарихын насихаттау барысында салынған. 2015 жылы елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы қарсаңында қазан айының 8-ші жұлдызында тұсауын кесіп, аралады (3-сурет).

#### Әдебиеттер:

1. Зуев. Ю.А Китайские известия о Суябе // Известия АН Каз ССР. Серия истории, археологии и этнографии. – Вып. 3 (14). – С. 87-96.
2. Отчет об итогах полевых исследованиях Южно-Казахстанской археологической экспедиции института археологии НАН РК в 1994 г. – Алматы, 1995. – 114 с.
3. Байтанаев Б.А Древний Испиджаб. Средневековые города Южного Казахстана на Великом Шелковом пути. – Шымкент-Алматы, 2002.
4. Волин С. Сведения арабских источников IX- XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды института Истории, археологии и этнографии АН Каз ССР. – Том 5. – 1958. – С.72-92
5. Бернштам А.Н Археологические работы в Казахстане и Киргизии // Вестник древней истории. – М., 1940. – С. 169-189.
6. Агеева Е.И.Хроника археологических исследований и находок на территории Казахской ССР за 1947 год // Известия АН КазССР. Серия археологическая. – Алма-Ата, 1949. – Вып. 2. – С. 148-150.
7. Научный отчет № AR-12/85 о проведении археологических раскопок «Древнего городища Тараз». Том 1. Полевые археологические исследования. – Алматы-Тараз, 2012. – С. 73.
8. Попов А. Сигнальные башни Таразской округи // Знамя труда. – 1981. – 17 августа.
9. Байпаков К.М., Григорьев Ф.П. О топографии городища Тараз // Проблемы древней и средневековой истории Казахстана. Материалы II международных чтений по творчеству Мухамеда Хайдара Дулати. – Алматы, 1998. – С. 67.



1-сурет. Ежелгі Тараз музейінің орналасқан аумағының алғашқы картасы



2 – сурет. Төлебай базарының орны, «Ет павильоны», қазіргі музей орналасқан аймақ





3-сурет. Н.Ә. Назарбаев «Көне Тараз» қорық-мұражайының ашылуында



4-сурет «Көне Тараз» қорық-мұражайының қазіргі ксіті

С.А. Сапатаев

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

С.Ғ. Әбенова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 3 курс студенті (Алматы қ.)

## СЫРДАРИЯ АУДАНЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРКІШТЕР

Сыр өңірі әлемнің жанкешті саяхатшылары мен жиһанкездеріне ықылым заманнан белгілі. Ұлы тарихқа тереңдей бойлағанда, бүгінгі күнге жеткен көн жазбаларды парактағанда бұған, сөз жоқ, көзіңіз жетеді. Ұлтымыздың ұйысып мемлекет болып қалыптасуында да оның алар орны ерекше. «Мың өліп, мың тірілген» қазақтың бастан кешкен қилы оқиғаларын Сыр өңірінсіз еске алу мүмкін емес. Сондықтан да Елбасы Н.Назарбаевтың «Сыр – Алаштың анасы» деген уәлі сөзі бұл күнде барша халықтың қанатты қағидасына айналды.

Сан ғасырлық тарихтың куәсі болған осы ұлы дарияның атымен аталатын Сырдария ауданы болса, аталған өңірдің шежіресіне қатысты көптеген жәдігерлерді сақтаған, қойнауы көмбе тарихи аймақтардың бірі. XII–XIII ғасырлардағы Жент қаласының орны, XIII–XIV ғасырлардағы Мүлкілән, Сырлытам кесенелері, Жетімасар, Қосасар асарлары, XIX ғасырдың тамаша туындысы Қалжан ахун мешіті – халық тарихындағы баға жетпес құндылықтар. Осы киелі жерден шыққан Тапал, Қалжан, Садық, Бәймен, Қожжан қожа, Алтайбек, Сайып Назар ахундар, Құлболды ишан және басқа атақты ғұламалар мен Шортанбай, Медетбай және басқа билер, Сәрке, Қайқы, Түлкібай сынды хас батырлар ісі кейінгі ұрпаққа өнеге [2, 4 б.].

Адамзат дамуының барлық кезеңінде де Сыр бойын жайлаған ұлттар мен ұлыстар, тайпалар мен рулар болашаққа, яғни бақытты өмірге ұмтылған ұрпақтардың қалың оқиғаларының ортасында болды. Қазақ мемлекеттігінің орнығуы, Ресей бодандығы, Хиуа бектері мен Қоқан хандарының озбырлығы сияқты өтпелі кезеңдерде елдік, азаттық үшін айқасқан айтулы тұлғалар ерлігі, тіпті өткен ғасырдағы дүбірлі оқиғалар тұсында да білімімен де, білегімен де айқасқан кеуделі кейіпкерлер өнегесі бүгінгі ұрпаққа айтылар ұлағатты қимыл-қайраттар болатын. Сондықтан аталған еңбектің осыны бағдар тұтып, өмір ақиқатын мүмкіндігінше анық та ауқымды айтуға ұмтылуы көңіл қуантады.

Сыр өңірі – бүкіл алашқа мәлім дүлдүл ақын, шайырлар, батыр, билер мекені ғана емес, ахундар мен ишандар, молда мен мақсым атанған оқымысты, ғұламалардың елі. Осы өңірден шыққан ағартушы ұстаздар философия, грамматика, лингвистика, шығыс тарихы мен әдебиеті, астрономия және т.б. жаратылыстану салалары бойынша кәсіби білікті болған. Бұлар негізінен Мекке, Медине, Бағдат, Шам, Ыстанбұл, Каир, Кабул, Герат, Хиуа, Хорезм, Үргеніш, Самарқанд және т.б. мәдениет орталықтарында оқыған. Медресе түлектерінің қатарында Сыр өңірінде өзінің дербес мешіт-медресесін ашқан ағартушы-ұстаздар көптеп саналады. Айталық, Сайд Ахмат Жалаладдин Қосани (1461-1542 жж.). Сыр өңірінде Мағзаман әулие атымен белгілі. Самарқанда тіл білімінің синтаксисі, морфология саласы бойынша терең білім алған ол оқуын кейін Ташкентте жалғастырған. Жасы отызға жетпей діни білімі мен ғылыми дәрежесіне сай Мақдум Мағзам атағы берілген. XVI ғасырдың алғашқы ширегінде Жанадария-Сырдария аралығын мекендеп, ағартушылық қызмет атқарған. Діни, саяси әлеуметтік мәселелер, мемлекеттік іс басқару жүйелері туралы отыздан астам іргелі ғылыми еңбектер жазып қалдырған [2, 139 б.].